

«Тексерілді»

«Балбөбек» жекеменшік

шағын орталығының

әдіскері Г.К.Сагпазова

Кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекеті

Тақырыбы: «Алғашқы гүлдер»

Өткізген №2 «Балбөбек»

ортаңғы тобының

тәрбиешісі Уақбаева Н.Ж

2022-2023 оқу жылы

Ұйымдастырылған қортынды іс-әрекет

Тақырыбы:Алғашқы гүлдер

Мақсаты:Түстерді ажырата білу,көктем туралы білімдерін толықтырып, гүлдердің түрлерімен таныстыру.Гүлдердің атауларын,сырт келбетін,айтуға жаттықтыру.Әдемілікті сезіне білуге,табиғатты қорғауға,адамгершілікке,ұқыптылыққа,бастаған ісін аяқтай білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері:Түсіндіру,слайд көрсету,сұрақ-жауап,сергіту,мадақтау.

Көрнекіліктер:Слайд,түймедақ,раушангүл,қызғалдақтың суреттері,ашылған кортоп,түрлі-түсті гуашь

Ұйымдастырылған қорытынды іс-әрекеттің барысы:

Тәрбиеші-Балалар,бүгін бізде өте ерекше күн, себебі бізге көптеген апайлар келіп отыр.Апайлармен амандасайықшы.

-Сәлеметсіздерме!

Балалар апайлармен амандасады.Шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.

Шаттық шеңбері:

«Сурет салсам-гүл саламын,

Гүлге толып тұрса алаңым» деймін мен

«Сурет салсам-күн саламын,

Күндей күліп тұрса маңым»-деймін мен

«Сурет салсам-қала салам,

Болсын барлық баласы аман»-деймін мен

«Сурет салсам-Адам салам,

Қорған болсын,маған,саған»-деймін мен.

Тәрбиеші:-Балалар,қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілі

Дұрыс айтасындар.

Мен сендерге жұмбақ жасырайын, ал сендер шешуін табындар

1. Жұмбақ жасыру:

Аналарға сыйлайтын,

Аралар бал жинайтын

Бұл немене, балалар

Үзуге адам қыймайтын « Гүл»

-Дұрыс айтасындар, ендеше бүгінгі ұйымдастырылған ашық іс-әрекетімізде гүлдер туралы әңгімелейміз.

-Гүл дегеніміз-өсімдік, олар өмір сәні, табиғат көркі. Сонымен қатар, олар бөлме ауасын тазартады, адамдарға жақсы көңіл-күй сыйлайды.

Гүлдер өсіп тұрған бөлмеде біз өзімізді қуанышты сезінеміз, көңліміз көтеріңкі болады, олардың көптеген түрлері болады, түстері де әр түрлі болады.

Раушангүл, Қызғалдақ, Түймедақ үш гүлді көрсету (Слайд арқылы көрсету)

Слайдтан әр қайсысына жеке-жеке тоқтау түсіндіру.

Дидактикалық ойын. «Гүлді ретімен орналастыр»

(Балалар ойынның шарты бойынша суреттерді рет-ретімен орналастырады)

Қимылды ойын: «Өз гүлінді тап»

Балаларды үш топқа бөлу.

Шығармашылық:

Сурет салу-Балалар шарды түрлі түсті бояуға батырып ақ қағаздың бетіне гүлдің бейнесін салады.

Жапсыру-Түрлі-түсті қағаздан дайындалған гүлді желімнің көмегімен ақ қағазға жапсырады

Құрастыру-Балалар дайын гүл бөліктерін құрастырады

Мүсіндеу-Балалар ермексаздың көмегімен гүлді мүсіндейді

-Жарайсындар

-Балалар бүгінгі іс-әрекетке өте жақсы қатыстындар

Бүгінгі іс-әрекетімізде не туралы әңгімеледік?

Балалар айтады-гүл

-Қандай гүлдермен таныстық?

Балалар айтады -Раушангүл,Қызғалдақ,Түймедақ

-Нешеге дейін санап үйрендік?

-беске дейін балалар айтады

-1,2,3,4,5 дейін санап үйрендік және кері қарайсанап үйрендік

Дұрыс айтасындар

-Жарайсындар

-Балалар сендерге бүгінгі іс-әрекетіміз ұнадыма?

-Балалар сендер бүгінгі іс-әрекетімізге өте жақсы қатыстындар

-Жарайсындар

Осымен бүгінгі іс-әрекетімізді аяқтаймыз,келген қонақтарымызбен қоштасайық.

Сау болыңыздар.